

Салыстырып тексерілетін өлшем құралдары туралы деректердің электрондық есебі және оларды мемлекеттік ғылыми метрологиялық орталыққа беру туралы Ережелерді бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігі Техникалық реттеу және метрология жөніндегі комитетінің 2005 жылғы 20 қантардағы № 14 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігінде 2005 жылғы 10 ақпанда тіркелді. Тіркеу № 3435. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрінің 2012 жылғы 28 қыркүйектегі № 350 Бұйрығымен

Күші жойылды - ҚР Индустрія және жаңа технологиялар министрінің 2012.09.28 № 350 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Заңын жүзеге асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Қоса берілген салыстырып тексерілетін өлшем құралдары туралы деректердің электрондық есебі және оларды мемлекеттік ғылыми метрологиялық орталыққа беру туралы Ережелер бекітілсін.

2. Техникалық реттеу және метрология Комитетінің техникалық реттеу және метрология басқармасы белгіленген тәртіpte осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әдіlet Министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізуіді қамтамасыз етсін .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әдіlet Министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Төрағаның м.а.

Қазақстан Республикасы
Индустрія және сауда министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология
Комитеті Төрағасының
2005 жылғы 20 қантардағы
№ 14 бұйрығымен бекітілген

**Салыстырып тексерілетін өлшем құралдары туралы
деректердің электрондық есебі және оларды мемлекеттік**

ҒЫЛЫМИ МЕТРОЛОГИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚА БЕРУ ТУРАЛЫ

Ережелер 1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер өлшем құралдарын салыстырып тексеру құқығына белгіленген тәртіpte аккредиттелген заңды тұлғалардың электрондық есебінің (әрі қарай - Салыстырып тексеретін субъекттер), салыстырып тексерілетін өлшем құралдары туралы деректердің электрондық есебі және оларды Мемлекеттік ғылыми метрологиялық орталыққа (әрі қарай - MFMO) беру тәртібін анықтайды.

2. Салыстырып тексерілетін өлшем құралдары туралы деректердің электрондық есебі Қазақстан Республикасы өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің техникалық негізін, республикада жүзеге асырылатын өлшемдердің жағдайын және деңгейін жылдам түрде талдау мақсатында жүзеге асырылады.

2 тарау. Салыстырып тексерілетін өлшем құралдары туралы деректердің электрондық есебінің тәртібі

3. Салыстырып тексеретін субъекттер салыстырып тексерулер жүргізу шарасы бойынша салыстырып тексерілетін өлшем құралдары туралы деректердің өз уақтылығын және толық толтыруды осы Ережелердің 1 қосымшасының талаптарына сәйкес дайындалған бағдарламалық қамтамасыз етуде қамтамасыз етеді.

4. Деректердің ақиқаттығы үшін ақпаратты ұсынатын Салыстырып тексеруші субъекттер жауапқа тартылады.

3 тарау. Салыстырып тексерілетін өлшем құралдары туралы деректерді MFMO беру тәртібі

5. Салыстырып тексеруші субъекттер салыстырып тексерілетін өлшем құралдары туралы жиналған деректерді MFMO келесі есеп беретін әр айдың 10 қүніне дейін беруге міндетті.

6. Салыстырып тексеруші субъекттердің ұсынатын мәліметтерін MFMO деректердің бірыңғай базасында жинақтайды.

7. MFMO деректердің электрондық есебіне арналған бағдарламалық қамтамасыз етуді Салыстырып тексеруші субъекттерге ұсыну мақсатында

дайындаиды, енгізеді және алып жүреді.

8. Деректерді беру бағдарламалық қамтамасыз ету аясында келесі тәсілдермен жүзеге асырылады:

осы Ережелердің 2 қосымшасына сәйкес электрондық поштамен электрондық хат толтыру нысанын пайдалануарқылы; поштамен электрондық түрде; электрондық түрде қолма-қол.

9. Деректерді беру фактін MFMO үш күн ішінде растауы қажет. Деректерді алғанын растау үшін MFMO осы Ережелердің 3 қосымшасына сәйкес нысан бойынша квитанция береді. Деректер поштамен немесе электрондық поштамен берілген жағдайда, алғанын растау туралы квитанция электрондық поштамен жіберіледі. Деректер қолма-қол тәсілмен берілген жағдайда, квитанция деректерді алу факті бойынша деректерді берген уәкілетті тұлғаға беріледі.

4 тарау. Салыстырып тексерілетін өлшем құралдары туралы деректердің есебін және MFMO беруді мемлекеттік метрологиялық қадағалау

10. Мемлекеттік метрологиялық қадағалауды жүзеге асыратын кезде келесілер тексеріледі:

салыстырып тексеруші субъекттердің MFMO беру үшін салыстырып тексерілетін өлшем құралдары туралы деректердің электрондық есебін қажетті көлемде жүргізуі;

деректерді өз уақытында беру;

салыстырып тексерілетін өлшем құралдары туралы деректердің электрондық есебінің ақиқаттылығы;

осы Ережелердің 9 тармағына сәйкес клиенттердің деректерді MFMO бергенін растайтын құжаттар немесе басқа растаулар.

Салыстырып тексерілетін өлшем құралдары туралы деректердің электрондық есебі және оларды мемлекеттік ғылыми метрологиялық орталыққа беру туралы Ережелерге 1 қосымша

Салыстырып тексерілетін өлшем құралдары туралы деректердің толықтылығына қойылатын талаптар

Салыстырып тексерілетін өлшем құралдарының әрбіреуі туралы деректер келесі мәліметтерден тұруы қажет:

салыстырып тексеру туралы сертификат нөмірі (жарамсыздығы туралы хабарлама) және (немесе) өзі жабысатын лейблдың нөмірлі коды;

өлшем құралының (эталонның) атауы;

түрі, белгіленуі;

зауыттық нөмірі (деректер болған жағдайда);

өлшемдер шегі;

дайындаушы (деректер болған жағдайда);

дайындау уақыты (деректер болған жағдайда);

пайдаланушы (деректер болған жағдайда);

салыстырып тексеру бойынша нормативті құжаттардың белгіленуі және атауы

;

салыстырып тексеру кезінде пайдаланылған эталонның және көмекші жабықтың белгіленуі;

сынып немесе басқа дәлдік сипаттамалары;

дәрежесі;

салыстырып тексеру уақыты;

сертификаттың немесе өзі жабысатын лейблдың қолдану мерзімі;

бөлім (зертхана) бастығының тегі, аты, әкесінің аты;

салыстырып тексерушінің тегі, аты, әкесінің аты.

Салыстырып тексерілетін өлшем

құралдары туралы деректердің

электрондық есебі және оларды

мемлекеттік ғылыми метрологиялық

орталыққа беру туралы Ережелерге

2 қосымша

Электрондық хат толтыру нысаны

1. "Кімге" алаңында ("To") MFMO электрондық поштасының мекен жайы болуы қажет;

2. "Копия" алаңында ("Copy") MFMO электрондық поштасының алльтернативті мекен жайы болуы қажет;

3. "Тақырып" алаңында ("Subject") деректерді жіберген Салыстырып тексеруші субъекттің атауы болуы қажет, және ол бос болмауы қажет;

4. Хат мәтінінде келесі ақпарат көрсетіледі: "салыстырып тексеру сертификаттарының бланктары және "_уақыты_" және "_уақыты_" дейін жарамсыздығы туралы хабарламалар туралы деректер базасының архиві";

5. Хатқа салыстырып тексерілетін өлшем құралдары туралы деректері бар файл архиві қыстырылған болуы қажет. Архивта басқа ешқандай файлдар болмауы **ка же т;**

6. Хатқа көрсетілген архивтан басқа ешқандай басқа файлдар қыстырылған болмауы қажет.

Салыстырып тексерілетін өлшем
құралдары туралы деректердің
электрондық есебі және оларды
мемлекеттік ғылыми метрологиялық
орталыққа беру туралы Ережелерге

3 қосымша

Деректерді алу туралы расталуы бар квитанция нысаны

N__ КВИТАНЦИЯ

(салыстырып тексеруші субъекттің атауы)

салыстырып тексерілетін өлшем құралдары туралы деректерді

_____. ____ 20 ____ ж. және _____. ____ 20 ____ ж. аралығында _____
(МФМО) атауы

(ақпарат түрі)

салыстырып тексерілген өлшем құралдары _____;

жарамсыздығы туралы хабарлама _____;

сертификаттар _____;

пломбалар _____;

лейблдар _____;

тапбалар _____;

данада алғаны туралы берілген.

Салыстырып тексеруші төрағасының
тегі, аты, әкесінің аты, қолы _____

Деректерді алған тұлғаның тегі,
аты, әкесінің аты, қолы _____

(уақыты)

МО

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК